


Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті



1- Курс студенттеріне арналған пайдалы кеңестер

Методикалық, тәрбиелік нұсқаулық



1- Курс студенттеріне арналған пайдалы кеңестерді құрастырушы Чунетова Ж.Ж.

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Құрметті студент! Сен таңдаған университет бір жыл ішінде әлемдік QS топ-университеттер рейтингінде 200 орынға жоғарылап, 401-450 дәрежеге енді. Сен таңдаған университет жайлы және саған қажетті кеңестер туралы айтқым келеді.

Сен таңдаған университеттің тарихы:

Қазақ ұлттық университеті өзінің негізін 1934 жылы 15 қаңтарда қалағаннан бастап Қазақстандағы білім беру жүйесінің бетке ұстар көркі, университеттік дәстүрлердің, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау - көзі болды. 1937 жылы қыркүйекте төрт жылдық оқу жүйесіне негізделген тұңғыш гуманитарлық шет тілдері факультеті ашылды. Бір жылдан кейін 120 студенті және құрамында орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және француз тілі тәрізді үш кафедра бар филология факультеті (оқу мерзімі 5 жылдық) ашылды. Кейіннен шет тілдері факультеті де осы құрылымға қосылды. Университетте соғыс қарсаңы және соғыстан соңғы жылдары 23 кафедрасы бар үш жаратылыстану (биология, физика-математика, химия) және екі гуманитарлық (филология мен журналистика факультеті) факультет жұмыс істеді. Университет 1942 жылы 257 физик, химик, математик, биолог, журналист, филолог, сондай-ақ батыс Еуропа тілдерінің мамандарын даярлап шығарды.

1954 – 1955 оқу жылы университетте 3778 студент оқыды, 386 оқытушы – профессор еңбекетті. 1970 жылы университет құрамында 16 мамандық бойынша жас кадрлар дайындайтын 10 факультет, 65 кафедра болды. 1980 жылы 89 кафедрада 869 оқытушы, оны ішінде 79 профессор мен 540 доцент, ғылым кандидаттары қызмет атқарды. Қазіргі кезде, университет 180 сала бойынша мамандар дайындайды. QS World University Rankings Results 2011 және Top Universities сайтының келтірген деректеріне қарағанда университет 2009 жылы 600 орынға төмен болған, ал 2010 жылы 501-550 аралығында болса, 2011 жылы 401-450 аралығына дейін көтерілген. 2012 жылғы әлемдік үздік 390-шы университет. Сонымен қатар, 72 ірі компания жетекшілері мен кадр бөлімі мамандары арасында жүргізген сауалнама негізінде жасалған «Рейтинг.kz» зерттеу орталығы жүргізген зерттеудің қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 41,7 пайыз жинап, 5-орында тұр.

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің дәстүрлері:

БІЛІМ КҮНІ

Бұл күні номинация бойынша жеңімпаздар дипломмен марапатталады:

- Президент стипендиясының иегері.
- Жылдың үздік студенті.
- Кафедраның үздік ЖІК төрағасы.
- Жылдың үздік академиялық тобы.
- Институттың үздік жас оқытушысы 2жылда 1рет
- Жылдың үздік кураторы.

СТУДЕНТ ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ: ДАРЫНДЫЛАР ОТ ШАШУЫ:

- «Таза сессия» атты СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
- ҚАРСЫ АКЦИЯ
- ҚазҰУ НАУРЫЗДЫ қарсы алады
- ҚазҰУ аруы
- ҚазҰУ сұлтаны
- Халықаралық студенттер күні
- Ректор кубогіне арналған СПАРТАКИАДАЛАР
- Ректор кубогіне арналған КТК(КВН)





Ғалымқайыр Мұтанов -техника ғылымдарының докторы (1993). ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі. ҚР Халыққа білім беру ісінің үздігі (1997), Қазақстанның еңбексіңірген ғылым және техника қайраткері (1998). Халықаралық инженер және Жоғары мектеп ғылымы, Халықаралық еуропа экономикасы және шығармасы, Халықаралық ақпараттандыру академияларының академигі Қазақ политехникалық институтын (1979, Қазақ ұлттық техникалық университеті) және Мәскеу тау-кен институтының аспирантурасын (1986) бітірген.



Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бірге



Декан

Биология және
биотехнология факультеті,
биотехнология
кафедрасының меңгерушісі,
б.ғ.д., профессор Б.Қ. Заядан



Декан орынбасары

Нармуратова Мейрамкуль
Худретовна



Студенттік декан

Кенжебекова Радмира

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ СТУДЕНТІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ



- ✓ 1-бап. ҚазҰУ студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, ҚазҰУ Жарғысына, ішкі тәртіп Ережесіне, жатақ-ханада тұру Ережесіне және басқа да ҚазҰУ-дың нормативті актілеріне бағынады.
- ✓ 2-бап. ҚазҰУ студенті ұлттық мәдениет пен Қазақстан мемлекеттінің қалыптасу тарихын біледі және оларды қастерлейді, университет дәстүрлерін кіршіксіз сақтайды және оларды құрметтейді.
- ✓ 3-бап. ҚазҰУ студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және ҚазҰУ әкімшілігінің өкілдерімен қарым-қатынас барысында ізет-тілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.
- ✓ 4-бап. ҚазҰУ студенті кез келген азаматқа оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына карамастан, құрметпен қарайды.
- ✓ 5-бап. ҚазҰУ студенті өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, төмендегідей академиялық нормаларды бұзушылыққа жол бермейді: - Пара беру; - Оқытушыны алдау және оны сыйламау; - Сабақтарды жіберу және кешігу, оқу сабақтарына немесе олардың бір бөлігіне бел-гісіз себептермен қатыспау.
- ✓ 6-бап. ҚазҰУ студенті университет мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және универ-ситет аумағында жүгенсіздік көріністерінің орын алуына жол бермейді;
- ✓ 7-бап. ҚазҰУ студенті университеттің кітапхана-лық-ақпараттық ресурстарына қамқорлықпен қарайды және бұл ресурстарға қатысты салғырт қараушылық пен нұқсан келтірушілікке жол бермейді.
- ✓ 8-бап. ҚазҰУ студенті ұқыптылықты сақтайды. Оның сыртқы түр келбеті этикалық және эстетикалық нормаларға сәйкес келеді.
- ✓ 9-бап. ҚазҰУ студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, университеттің қоғамдық-мәдени, ғылы-ми және спорттық өміріне белсене атсалысады.
- ✓ 10-бап. ҚазҰУ студенті университетте және оның аумағынан тыс жерлерде де құқық бұзушылық әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

- ✓ 11-бап. ҚазҰУ студенті тәртіп бұзуға бағытталған ақпараттың таратылуына жол бермеуі.
- ✓ 12-бап. ҚазҰУ студенті университет мүддесіне қайшы келетін және ҚазҰУ имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс- әрекетке қатысудан бой тартады.
- ✓ 13-бап. ҚазҰУ студенті аталған Кодекс ереже- лерінің бұзылуын анықтаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе ҚазҰУ әкімшілігіне хабарлауға құқылы .

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗҰУ студентіне қосымша жеңілдіктер:

- Мемлекеттік білім гранты бойынша оқитын жетім студенттер үшін ақысыз тамақтану
- Медициналық пункте ақысыз қызмет көрсету
- Спорт және жаттуғу залдарына ақысыз кіру
- Wi-Fi және ғаламторға шығу (ақысыз)
- Әлеуметтік маңызды аурулардың алдын алу
- Денсаулығы нашарланған студенттер үшін қосымша сабақтар

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті



Миссия

Қазіргі кәсіби
қызмет
жағдайында
бәсекеге
қабілетті,
күзіретті
мамандар
даярлау

Стратегия

ҚазҰУ- республиканың
зияткерлік және білім беру
орталағы, қоғам мен
мемлекеттің еңбек нарығын
талап ететін кәсіби
күзіреттерді , инновациялық
тәсілдер мен зерттеу
дағдыларын меңгерген
жоғары білікті кадрлар
дайындауға деген
қажеттіліктерін
қанағаттандыратын жетекші

Бірінші курс студентіне арналған пайдалы кеңестер

ЖОО-НЫҢ ӘКІМШІЛІГІМЕН ЖИНАЛЫС-КЕЗДЕСУЛЕР

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ішкі тәртіп ережелерімен танысу;
- Қазақ Ұлттық Университетінің Жарғысымен танысу;
- ЖОО студентінің Ар кодексімен танысу;
- Кредиттік технология ережелерімен танысу;
- ҚазҰУ дәстүрлері;



Мұны әрбір Студент білуі тиіс:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті							
Силлабус							
Генетика							
(Код) Жүйелегі мәліметтер							
2016-2017 оқу жылының күзгі семестрі							
Пәннің коды	Пәннің атауы	Тип	Апта бойынша сағат саны			Кредит саны	ECTS
			Дәріс	Практ	Зертханалық		
	Генетика	БК	2	0	1	3	5
Пререквизиттер	«Ботаника», «Биохимия», «Жалпы цитология», «Молекулалық биология»						
Дәріскер	Чуветова Ж.Ж.		Офис-сағаты		Сабақ кестесі бойынша		
e-mail	Chanar-79-16-06@mail.ru		Апта сайын				
Телефондары	87023805635		Аудитория		328		
Пәннің жалпы сипаттамасы	<p>“Генетика және селекция негіздері” курсының бағдарламасы “Биология” мамандығы бойынша кредитті технология негізінде студенттерді дайындайтын университеттер үшін арналған. Генетика ілімі – ғылымның ең бір қарқынды дамып келе жатқан салаға жатады. Генетиканың жетістіктері кең қауымның назарын аударады. Өйткені адам үшін тұқымқуалаушылықтың заңдылықтарын және организмнің өзгерістігін зерттеуге мүмкіндік береді. Тұқымқуалаушылық пен өзгерістіктің жан-жақты (универсалдық) заңдары кез келген организмдер үшін әділ және генетика ғылымын біріктіруші ғылым ретінде барлық биологиялық пәндер мен зерттеулер бағыттарын қамтып өтеді. Генетиканың әдістері мен принциптері биология ғылымдардың барлық жүйесінде қолданылады. Курста белгілердің тұқым қуалау заңдылықтары мен тұқымқуалау принциптерін талдауға көп көңіл бөлінеді. Генетикалық материалдың өзгерістігін сипаттауға, генетикалық процестердің молекулалық механизмдерін талдауға, гендер құрылымы мен әсер етулерінің реттелуіне едәуір орын беріледі. Даму генетикасының, адам генетикасының, популяциялар генетикасының және эволюцияның генетикалық негіздерінің мәселелері қарастырылады. Курс тірі организмдердің негізгі қасиетін зерттеудегі оның тұқымқуалаушылығы мен өзгерістігі туралы жаңа тәсілдеріне түсінік береді. Генетика және селекция негіздеріне тікелей қатысты материалдардан басқа, курс бағдарламасына генетикалық заңдылықтарды түсіне білуге қажетті шектес пәндердің тараулары енгізілді. Гибридологиялық талдау студенттерге практика сабағында нақты объектілердің (бидай, жеміс шыбыны) және белгілердің тұқымқуалау заңдылықтарымен танысуға мүмкіндік береді.</p>						

Силлабус - оқитын пәннің сипаттамасы, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі.

Жеке білім беру траекториясы ЖТБ- жоғары білімнің білім беру бағдарламасы аясында жеке оқу жоспарына ЖОЖ сәйкес, студенттің білім мазмұнын дербес таңдауы, жоспарлауы және меңгеруі.



ЖБТ жүзеге асырылады:

- ✓ Мамандандыруды таңдауда;
- ✓ Элективті пәндерді таңдауда;
- ✓ Практика базасын таңдауда
- ✓ Диплом жұмыстарының, ғылыми жобалардың тақырыптарын таңдауда;
- ✓ Диплом жұмысының ғылыми жетекшісін таңдауда;
- ✓ Оқу пәндері оқытушыларын таңдауда;

Жеке оқу жоспары ЖОЖ- тіркелген оқу пәндерінің және кредит санының тізімі бар типтік оқу жоспары мен пәндер каталогы негізінде құрылатын студенттің білім беру траекториясын білдіретін құжат.

- ✓ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дамуының негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда университетте ішкі және сыртқы академиялық мобильділік бағдарламалары сәтті жүзеге асырылуда.
- ✓ СЫРТҚЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ - студенттердің шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуы, сондай-ақ оқытушылар мен ғалымдардың шетелдік білім беру және ғылыми мекемелеріндегі қызмет атқаруы.
- ✓ ІШКІ АКАДЕМИЯЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ - жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарында студенттердің білім алуы, сондай-ақ оқытушылар мен ғалымдардың қызмет атқаруы.

Студенттің оқудағы бірінші көмекшілері: эдвайзер, куратор, тьютор



Эдвайзер - тиісті мамандық бойынша білім беретін, оқу траекториясын таңдауда және білім беру бағдарламасын меңгеруде көмектесетін академиялық тәлімгердің қызметін атқаратын оқытушы.

Куратор - ол кафедрада академиялық топқа қарау тапсырылатын ЖОО оқытушысы.

Студент үшін куратор - эдвайзер кім?

Эдвайзерлер жұмысының негізгі бағыттары жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, білім алушылардың мамандықтың жұмыс оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалығы негізінде өзін-өзі көрсету қабілеттерін көрсетуге қолдау көрсету. Эдвайзерлер университет, факультет әкімшілігі және студенттік топ арасында байланыс орнатушы негізгі тұлға болып табылады.

Эдвайзердің міндеттері: оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысады, студентке жеке оқу жоспарын құрастыруға және түзетуге ықпал етеді және көмек көрсетеді.

Эдвайзерлер факультет деканының өкімімен кафедра меңгерушісінің келісімі негізінде тағайындалады. Эдвайзер студенттерді университеттің академиялық өмірінің ерекшеліктерімен, оқу жұмыс жоспарының мазмұнымен, диплом алудың талаптарымен, таңдаған мамандығының мүмкіндіктерімен таныстырады және студенттердің өз мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып оқытудың жеке траекториясын анықтауына жәрдемдеседі..

Эдвайзерлер келесідей қызметтерді орындайды: студенттерді білім беру үдерісін ұйымдастырудың ережелерімен таныстыру; типтік оқу жоспарымен және элективті пәндер каталогымен таныстыру (міндетті және таңдау пәндері тізімін құрастырудың талаптарымен, курстың пререквизиттері және постреквизиттерімен); кредиттердің саны туралы мәліметтер беру және оларды игерудің тәсілдерін түсіндіру.

Студент жазғы семестрге жазылып және оқып та қосымша білім алады.

Жазғы семестр- оқу жылының шеңберінен тыс академиялық кезең.

Жазғы семестрде білім алу мынадай студенттер үшін ұйымдастырылады :

- оқу жоспарын толық орындағандарға қосымша пәндерді игеру мақсатында ;

- қайта қабылдану кезінде, басқа ЖОО-дан ауысқанда және академиялық демалыстан шыққанда академиялық айырмашылықтары барларға;

- оқу жоспарын орындамағандар мен академиялық қарыздары барларға;

Сонымен бірге:

- басқа ЖОО-мен келісімге келе отырып, өзге ЖОО-да оқу пәндерін және кредиттерді меңгеру, өз ЖОО-сында оларды қайта тапсыру;

- үлгерімнің орташа балын арттыру үшін (GPA).



Жазғы семестр курстарын таңдаудың себептері:

- Курстар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қазіргі дәстүрлі емес білім беру әдістерін қолдану арқылы оқытылады;
- курслекторлары «Болашақ» бағдарламасының алдыңғы қатарлы университеттерінің түлектері өткен пәндер мен кредиттер сіздің университетіңізде элективті пән ретінде есепке алынады;
- курс сәтті аяқталғаннан соң сертификат беріледі;
- барлық курстар аккредитациядан өткен және шетелдік білім беру бағдарламаларына сәйкестендірілген, яғни шетелдік ЖОО-на оқуға барсаңыз игерген кредиттеріңіз есептелінеді;
- жазғы семестрде оқитын студенттер интернет ресурстарға, кітапханаға, спорт-кешеніне кіре алады және жатақханамен қамтамасыз етіледі;



Студенттер клубының үйірмелері:

- ✓ "Фараби сазы" ұлт-аспаптар оркестрі
- ✓ "Бахыт" биансамблі
- ✓ "БІЗ" студенттер театры
- ✓ Вокалды-аспаптық ансамбль
- ✓ Эстрада үйірмесі
- ✓ "Жасақындар" үйірмесі
- ✓ «Серпер» домбыраансамблі
- ✓ Қобызүйірмесі
- ✓ Хор үйірмесі
- ✓ Көңілді тапқырлар клубы



- Мини-футбол секциясы;
- Волейбол секциясы;
- Баскетбол секциясы;
- Шахмат клубы;
- Армрестлинг;
- Тоғызқұмалақ;
- Гірспорты;



- ✓ Әлеуметтік көмек көрсету саласындағы мәселелер бойынша студенттерге кеңес беру;
- ✓ Жағдайы нашар отбасыларынан шыққан студенттермен жұмыс;
- ✓ Тамақ сапасын жақсарту мақсатында сауалнама өткізу;
- ✓ Студенттік ғылыми конференцияларға, олимпиадаларға, конкурстарға, спорттық жарыстарға қатысатын студенттерге материалдық қолдау көрсету.
- ✓ Тек студенттерге ғана емес, сонымен қатар, бірнеше студенттік топтар жиналып жетімдер үйіне барып көңілдерін көтеріп, материалдық тұрғыдан көмектеседі.

ҚазҰУ-де әрбір Студентке мынадай қызмет көрсетіледі:

- ✓ «Таза сессия», «Оқытушылар студенттер көзімен» акциясын ұйымдастыру және өткізу штабы.
- ✓ Қоғамдық қабылдау бөлмесі (101-каб., #2 оқу ғимараты).
- ✓ «Ұсыныстар, ескертулер мен тілектерге арналған жәшік» .
- ✓ «Жедел желі» сенім талефоны қызмет атқарады:
- ✓ ҚазҰУ-де инклюзивтік білім беруді қолдау бойынша психологиялық-педагогикалық қызмет көрсету ;
- ✓ Психологиялық қызмет көрсету ;

Университет теңгерімінде:

- 14 оқуғимараты
- 16 студенттік жатақхана
- Ө.А.Джолдасбеков атындағы студенттер сарайы
- Ғылыми кітапхана
- Тамақтану комбинаты, Интернет орталық
- Спорткомплекс және стадион
- «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы
- Спорттық-сауықтыру лагері Ыстық-Көлкөлінде





Құттықтаймыз, сен Студент болдың!



Құттықтаймыз, университетті аяқтап, үлкен өмірге жолдама алып, бір маман иесі болдың! Бүгінде ҚазҰУ түлектері әлемнің әр түкпірінде қызмет істеуде.



Биология және биотехнология факультетінің бітіруші түлектері.

ҚазҰУ өмірінің барлық оқиғалары туралы www.kaznu.kz сайтынан, Youtube «Әл-Фараби» арнасынан, біле аласыз және “Қазақ Университеті” атты университет газетінен оқи аласыз. Кітапшаға алынған материалдар осы ҚазҰУ - нің «Универ» жүйесінен, ҚазҰУ академиялық саясатынан, 2011 жылы 28 наурыздағы No 5 хаттамасымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми Кеңесінде бекітілген және ұжымның жалпы отырысында мақұлданған ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТІНІҢ АРНАМЫС КОДЕКСІНЕН алынды.



Байланыс мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы, 050040, әл-Фараби даңғылы, 71

Тел. 8 (727) 221-10-00, 8 (727) 221-10-10

Факс +7 (727) 377-33-44